



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

коммуникативтік қабілеті жоғары жастарды тәрбиелеуде әдеби кітаптар оқуға баулудың орны ерекше. Осы тұста жасап жатқан еңбегім арқылы мен оқушыларға өз болашағын қалыптастыруға, бұл өмірде өз орынын табуға көмектесе алсам, ол менің ізденісімнің табысыты жемісі деп білемін.

Пайдалынылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, 12 сәуір 2017.
2. Н. Назарбаев. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 2003. – 125 б.

УДК 378.147:811.111

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қаламбай Ақниет Қаламбайқызы

a.k.kalambay@gmail.com

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студентті,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Е. Дарменова

Ежелгі заманнан бері шетел тілін зерттелетін елдің мәдениетіне сүйене отырып оқытқанда ғана тіл үйрену үдерісі толыққанды және жан-жақты болатындығы белгілі. XIX ғасырдың соңынан бастап мәдени ерекшеліктермен танысу білім беру процесінде ауызша сөйлеуді уйретумен маңызы жағынан бір қатарда тұр. Мәдениетаралық коммуникация бұл коммуникативтік актке қатысушы әртүрлі этникалық және мәдени топтар өкілдерінің бір-бірімен өзара түсіністікте қарым-қатынасуы. Осыған байланысты шет тілдерін оқытудағы мақсат, ең алдымен, мәдениеттердің өзара түсіністігін құру болып есептеледі. Оқушыларда әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру кезінде ағылшын тілінде сөйлеушілер әлемі туралы білім беру шынайы байланыс жасауда пайдалы болатынын ескеру қажет.

Н. Хомскийге сәйкес "құзырет" дегеніміз белгілі бір тілдік қызметті орындауға қажетті қабілет. Тиісті тілдік құралдар мен ережелерді біле отырып, шектелмеген көлемде сөйлемдерді құра және түсіне алатын адам құзыретті деп аталады.[1]

Әдестемелік терминдер сөздігінде көрсетілген анықтама бойынша әлеуметтік-мәдени құзыреттілік бұл шетел тілінде сөйлеуші адамдардың әлеуметтік және сөйлеу қылықтарының ұлттық-мәдени ерекшеліктері туралы білімдердің жиынтығы. Күнделікті қарым-қатынаста осы мағлұмат көздерін шетел тілі тасымалдаушыларының мінез-құлық ережелері, этикет нормалары, социалды жағдайлары мен стереотиптеріне сүйене отырып қолдану.[2]

Әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің мазмұнын төрт құрамдас бөлікте көрсетуге болады:

- 1) әлеуметтік-мәдени білімдер
- 2) қарым-қатынас тәжірибесі
- 3) өзге тілдің мәдени фактілеріне жеке көзқарас
- 4) тілді қолдану жолдарын білу(мәдениетаралық қарым-қатынастың әр түрлі салаларында ұлттық таңбаланған лексиканы адекватты пайдалану).[2]

Р.К. Миньяр-Белоручев шетел тілді елдің ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары жайлы тұтас және жүйелі ілімнің бар болуын әлеуметтік-мәдени құзыреттілік деп түсінеді.[3]

Н.Н. Салановичтың айтуынша, тіл үйретуді елтанумен үйлестіру оқушылардың үйренуге деген баға жетпес мотивациясын тудырады және мектептерде қазіргі білім берудің барлық 4 міндетін шешуге мүмкіндік береді. Оқушылар белгілі бір халықтың мәдениетін, тарихын және әдет-ғұрыпымен таныса отырып, сабақ барысында тілдік құралдарды қолдана

алады.[4]

П.Сысоевтің пікірінше, әлеуметтік-мәдени құзыреттілік – бұл белгілі бір қоғамның құндылық бағдарлары мен көзқарастарының жиынтығы және өзіне келесі элементтерді қамтиды:

Ана тілі мен шет тілі лексикасының эквиваленттілік арақатынасы; екі тіл арасындағы ауызша сөйлеу мінез-құлқының әлеуметтік-мәдени стереотиптерінің үйлесімділік және сәйкеспеушілігі

Аймақтық тіл бірліктерінің әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дұрыс қолдана білу дағдылары және олардың шет тілден ана тілге аударылуы

Тілдік қарым-қатынас жасау кезінде әлеуметтік-мәдени мінез-құлықтың қолайлы түрін тандай білу шеберлігі

Лингвоаймақтық құбылыстар мен болмыстарға әлеуметтік-мәдени түсіністік пен әлеуметтік-мәдени алаламаушылық(шет тілі мәдениетіне қатысты қате қате түсініктің болмауы) қабілеттер пен қасиеттер.[5]

Берілген анықтамаларды талдай отырып, педагогтың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігінің қаншалықты кең дәрежеде екенін байқай аламыз. Шынайы мәдениетаралық қарым-қатынасқа болашақ мұғалімдерді дайындауымыз қажет, өйткені олар бұл дағдыларды студенттерге үйрететін болады.

Мемлекеттегі тарихи өзгерістер, мәдени ерекшеліктер, әдет-ғұрыптардағы айырмашылықтар әртүрлі ұлт өкілдері араласқанда әдетті кедергі келтіруі мүмкін. Әр алуан мәдениеттердің кейбір заңдылықтарға қалай қарайтындығы ерекше күрделілік туғызады, себебі кейбір заттар мен құбылыстар басқа әлемдерде өмір сүреді және дамиды. Өзге тілді үйренгенде сол елдің сипаттамасын да білу өте маңызды және бұл ағылшын тілін үйретуде елтануды қоса пайдалануға алып келеді. Сабақта елтанудан берілген мағлұмат оқушылардың танымдық қызығушылығын жандандырады, сондай-ақ коммуникативтік машықтарының дамуына жағымды әсер етіп, тілді тереңірек меңгеруге ынталандырады және бірқатар тәрбиелік талаптарды шешуге мүмкіндік береді.

Е.М. Верещагин және В.Г.Костомаров тілдердің барлық деңгейлері «мәдени» болады деп санайды, яғни оларда арнайы елтанымдық жоспар бар, сондықтан сөздердің мәдени компонентін оқып үйрену шет тілін меңгерудің маңызды шарты болып табылады. Елдің мәдениетімен танысу арқылы студенттердің ой-өрісі байиды және дамиды, болашақта олар әлемде орын алып жатқан интеграциялық үдерістерге қосыла алады.[6]

Тілдің коммуникативтік қызметі мәдениетаралық қарым-қатынасты қамтамасыз етуінде, бірақ кейде қарым-қатынасқа қатысушылар бірдей тілдік құрылымдарды қолданғандарына қарамастан бір-бірін түсіне алмайды. Мұның бәрі қатысушылар таңдайтын тілдік құралдардың әртүрлі әлеуметтік-мәдени құрылымдардың негізінде жасалғандығымен түсіндіріледі. Починок Т.В. мәдениетаралық қарым-қатынаста өзара түсіністікке жалпы коммуникативтік-прагматикалық кеңістік құру арқылы қол жеткізуге болады деп жорамалдаған.[7]

Әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктің шешуші сәттерінің бірі мемлекеттер мен олардың тарихи өсуін, мәдени дәрежесін және белгілі бір аумақта тұратын адамдардың өзгешеліктерін салыстыруға әзірлікте. Үйренушілерге басқа мәдениетті, салт-дәстүрді, ұстанымдарды құрметтеудің қаншалықты маңызды екендігін және кез келген ұлт өкілдеріне толеранттылық көрсету керектігін түсіндіру аса үлкен мәнге ие. Өз елінің және мәдениетінің лайықты өкілі болу және тыңдаушылар тарапынан болатын қиындықтарды алдын-ала болжауға дайын болу да өте маңызды.

Жаңа оқыту технологияларын қолдану әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Сыни ойлау технологиясы, жобалық қызмет, ойын технологиясы бойынша оқыту, шет тіліндегі қарым-қатынасқа ықылысын арттырады, тақырып мазмұнын кеңейтеді. Сонымен қатар әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану да тиімді. Проекттік әдісті бұл жағдайда жемісті деп санайды, себебі ол студенттердің жеке бас өсуіне

мүмкіндік береді, олардың шығармашылық әлеуетін ашып, танымдық мүдделерін дамытады. Оқу үрдісінде қолданылатын жобалар технологиясы бойынша жұмыс алгоритмі: гипотезаны ұсыну → проблемалық жағдайды жасау → проблемаларды талдау → нақтылау және қайта ойлау → іске асыру → таныстыру. Жобалық методика - өзін-өзі тану және өзін-өзі көрсетуге жағдай жасайтын жеке басқа бағытталған қызмет түрі. Проект жасау барысында студенттер бай материалдарды жинақтайды, жүйелейді және қорытады. Сонымен қатар, студенттер әртүрлі баспа деректерін ғана емес, интернеттегі дереккөздерді қолданады. Проект тақырыптары әлеуметтік-мәдени бағытта болуы және студенттер мүдделерінің әр түрлі спектрлерін көрсетуі мүмкін.

Ынтымақтастықта оқыту әдісі әр түрлі оқу жағдайларында студенттердің белсенді бірлескен оқу іс-шараларын жасауға көмектеседі. Оқушылардың жұптармен немесе топтармен интерактивті өзара әрекеттесуі шындықты имитациялайтын жағдайларда тілдің практикалық қолданылуын қамтамасыз етеді. Бұл технология оқушылардың сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін үнемі жетілдіру қажеттігін дамытады. Әртүрлі ситуацияларда табысты өзара әрекеттесу үшін рөлдік қарым-қатынас әдісін қолданады. Салыстыру тәсілі де өнімді болып есептеледі, өйткені ол шет тілі мен ана тілінің мәдениетін, салт-дәстүрін, әдеттерін, мерекелерін қатарластыра салыстыруға зор мүмкіндік береді. Салыстыру және бағалау, әдетте, ауызша сөйлесу жағдайларында туындайды.

Коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік-мәдени мақсаттылықты дамыту және қалыптастыру үшін белгілі бір іс-әрекет немесе жұмыс түрлерін қайталайтын сабақтар: саяхат, экскурсия, туристік жобаларды қорғау, ойын-сабақ, сабақ-бәйге, сабақ-викторина және т.б. тиімдірек болып есептеледі.

Әлеуметтік-мәдени танымдар мен қабілеттерді игере отырып студенттер шет тілді елдің ғылымы, мәдениеті, шындықтары, танымал адамдар туралы білімдерін: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазуда кеңейтеді.

Ақпараттық-анықтамалық сипаттағы аутенттік мәтіндер тыңдауды үйрету үшін материал болып табылады: галереяларда және мұражайлардағы аудио-ақпарат, туристерге арналған жолсілтемелер, әуежайда, теміржол вокзалында, көліктердегі хабарландырулар. Бұдан басқа, оқушыларға шет тілді оқыту кезінде немесе сол елге барған кезде шынайы өмірде кездесеуі мүмкін мәтіндер ұсынылады: ауа райы болжамы, жаңалықтар, спорттық репортаждар, нұсқаулар, сұхбат.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамытудың ең өнімді құралы шетел тілді елде болу, сол мемлекеттің ішіне яғни дәстүр, әдет, нормалар мен мінез-құлықтары атмосферасына ену мүмкіндігі. Бірақ ондай мүмкіншіліктің жоқтығына қарай оқытудың негізгі әдісі мәтіндер болып табылады: тақырыптық, аймақтық, көркем мәтіндер, диалогтар мен полилогтар, өлеңдер, әндер, хаттар, сұхбаттар, аудио мәтіндер. Мәтін оқушылардың қызығушылығы мен жасына сәйкес және шынайы жағдаяттарға барынша жақындатылған болуы керек. Әлеуметтік-мәдени тәсілдеме шет тілді елдің дәстүрлі мерекелерімен танысу барысында да іске асырылады. Сондай-ақ бейнематериалдар да әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамытудың тиімді құралы болуы мүмкін. Бейнематериалдар - бұл елдің өзіндік мәдени портреттері болып саналады. Оқушылар сол елдің ландшафтарын және көрікті жерлерін өз көзімен көре алады, мерекелеу, рәсімді, күнделікті өмірде адамдардың мінез-құлық үлгілерін, мысалы кафеде және дүкенде, теміржол вокзалында және туған күнінде, дәрігердің қабылдауында және т.б. бақылай алады. Сонымен қатар, қалалар, атақты адамдар, дәстүрлі мерекелер туралы көркем және деректі фильмдер өте пайдалы.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыруда жобалық жұмыс айтарлықтай әлеуетке ие болып табылады. Жоба әдісі - бұл оқу үрдісін жандандырудың және студенттердің мотивациясын, белсенділігі мен шығармашылығын арттырудың ең ықпалды түрі. Мұндай жұмыс барысында мәтінмен жұмыс істеуге үйретіледі, ақпаратты талдау және анықтамалық материалдармен жұмыс істеу дағдылары, шет тілінде өз ойын қорғауға және дәлелдей білу қабілеті, сондай-ақ нақты қарым-қатынас жағдайларындағы сөздік жетілдіріледі.

Ағылшын тілінде ән материалын қолдану тек тыңдау және сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын толықтыруды, сөйлеу дағдыларын жақсартуды ғана емес, сонымен бірге үйреніп жатқан тілдің елдік мәдени элементтерімен оқушыларды таныстыру үшін де пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, ән оқушылардың дайындық деңгейіне және оқу жоспарларымен байланыста сәйкес болуы керек. Мұғалім таңдаған әнге арналған жаттығулар жүйесін құрастырады.

Әлеуметтік-мәдени құзыреттілікті дамыту үшін мәтінде келесі мәліметтердің болуы маңызды: зерттелетін тілдің елінің географиясы мен тарихы, саяси және қоғамдық өмірдің фактілері, күнделікті өмірдің фактілері, этномәдени ақпараттың, әртүрлі символиканың бар болуы, мінез-құлық мәдениетінің ерекшеліктері туралы ақпарат, нормалар мен қоғамдық құндылықтар.

Жоғарыда айтылғандардың бәріне негізделе отырып, әлеуметтік-мәдени құзыреттіліксіз шет тілін қазіргі заманғы стандарт талап ететін дәрежеде оқып білу мүмкін емес деп қорытынды жасауға болады. Қазіргі әлем мен қоғам шығармашыл түрде ойлайтын, талдайтын және басқаларды түсіне білетін адамдарды көбірек қажет етеді. Ал шет тілі - бұл дағдыларды дамытуға арналған ең жақсы құралдың бірі. Елдер, адамдар, әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді салыстыру басқа елдер мен өз елі туралы білім көлемін ұлғайтуға және тереңдетуге ынталандырады. Осылайша, шет тілін оқыту әдістемесінде ағылшын тілін әлеуметтік-мәдени компонентті енгізбей оқу үрдісінің маңызы толыққанды бола алмайды және жоғарыда аталған әдістер мен тәсілдерді үнемі және жүйелі түрде қолдану жетістікке жетуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хомский Н. Язык и мышление. М.: – МГУ, 1972. – 176 б.
2. Новый словарь методических терминов и понятий [Электронный ресурс] URL:http://methodological_terms.academic.ru/.
3. Миньяр-Белоручев Р.К. Лингвострановедение или «иноязычная культура» / Р.К. Миньяр-Белоручев // Иностранные языки в школе. – 1993. – №6. – С. 20–23.
4. Сысоев П.В. Обучение иностранному языку на старшей ступени общего среднего (полного) образования / П.В. Сысоев // Иностранные языки в школе. – 2006. – №2. – С. 2–10.
5. Верещагин, Е.М., Костомаров, В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного: руководство, 3-е изд., перераб. и доп. – М., 1983 – 374с.
6. Починок, Т.В. Формирование социокультурной компетенции как основы межкультурного общения // Иностранные языки в школе – 2007 – №7. – С. 37–40.

УДК 378.147:811.111

ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАР ТҮСІНІГІ

Мухашова Актоты Байғалиевна

aktoty.m@inbox.ru

«Шетел тілі: екі шетел тілі» кафедрасының 4 курс студентті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.М. Гауриева

Шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі қазіргі таңда өзекті және талқыға салынып келе жатқан мәселелердің бірі болып есептеледі. Шет тілдерін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану тек заманауи техникалық оқыту құралдары мен технологияларды практикалық тұрғыда қолдануды ғана меңземейді, сондай-ақ жалпы оқыту процессіне қатысты пайда болған жаңа оқыту әдістері мен формаларын